



ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕВОДА И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акумлы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатов С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

СЕМИОТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТІ ЗЕРТТЕУ КӨПТІЛДІЛІККЕ ДЕГЕН ЖАҢА КӨЗҚАРАС РЕТІНДЕ

С.М.Кадирбаев

2 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Астана

Аңдатпа: Мақалада қалалардың тілдік кеңістігін зерттеу барысында көптілділіктің алатын орны жайында айтылады. Соңғы жылдары әлемнің бірнеше қалаларында осы тақырып бойынша жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық зерттеу жұмыстары үлгісінде Астана қаласының қазіргі таңдағы жалпы тілдік кеңістігі және ондағы көптілділіктің орны қарастырылады.

Түйін сөздер: семиотикалық кеңістік, көптілділік, мемлекеттік тіл, таңбалар, ағылшын тілі.

Аннотация: В статье рассматривается роль полиязычия в изучении языкового пространства городов. На примере социолингвистических исследований, проведенных на эту тему в ряде городов мира за последние годы, рассмотрено современное общезыковое пространство города Астаны и роль полиязычия в нем.

Ключевые слова: семиотическое пространство, полиязычия, государственный язык, знаки, английский язык

Abstract: The article deals with the role of multilingualism in the study of the linguistic space of cities. As a central topic the modern common language space of the city of Astana and the role of multilingualism are considered on the example of sociolinguistic studies conducted on this topic in a number of cities of the world in recent years.

Keywords: semiotic landscape, multilingualism, state language, signs, English

Тіл күнделікті тұрмыста адамдар тарапынан қарым-қатынас құралы ретінде ауызша түрде және әртүрлі хаттар алмасу барысында жазбаша формада қолданылуынан бөлек, ол қоршаған ортаның кез келген бұрышында көрініс табуы мүмкін. Мысалы, пәтерден шыққанда ең бірінші көзге ілінетін, кіреберістегі қабырағада ілінген «5» (яғни 5-қабат) санынан бастап, министрліктер үйінің сыртындағы «Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі» деп жазылған белгіге дейін.

Ғалымдар көптеген жылдар бойы тілдердің қоғамдағы қолданысының ерекшеліктерін зерттеп келуде. Кез келген тіл белгілі бір қоғамға, әлеуметтік ортаға байланысты және сондықтан да сол белгілі бір аймақтың ерекшелігіне байланысты тілдің қолданылуы өзгеріп отырады. Мысалы, лингвистика ғылымында «тілдік кеңістік» ұғымы белгілі бір географиялық аймақ төңірегінде тілдің көрініс табуын білдіреді. Бұл ұғым негізінде кең аяда қолданылатын, социолингвистика, әлеуметтану, әлеуметтік психология және география ғылым салалары үшін ортақ, пәнаралық термин болып табылады.

Алайда мақала атауы айтып тұрғандай, тілдік кеңістіктен бөлек «семиотикалық кеңістік» (ағылш. *Semiotic landscape*) ұғымы да бар. Бұл дегеніміз тілдік кеңістіктің, яғни жазбаша дискурстың басқа да тілдік қарым-қатынас құралдарына қатынасын және олармен байланысын білдіреді. Жазбаша және ауызша дискурстан бөлек тілдік қарым-қатынас құралдары деп отырғанымыз – белгілер мен символдар, вербалды емес қарым-қатынас құралдары және архитектуралық нысандардың тілдік тұрғыдан алғандағы ерекшеліктері.

Тілдік кеңістікте ең басты рөлді тіл атқарғанымен, негізінде бүкіл кеңістік семиотикалық болып табылады. Яғни кез келген мағына әлеуметтік-мәдени интерпретация арқылы беріледі [1, 2 б.].

Жаһандану заманында көптілділіктің маңызы өте зор екені бәрімізге белгілі. Атап айтқанда кез келген өңірде біріншіден жергілікті тілдің, ал одан кейін ағылшын тілінің қолданылуы немесе екі және одан да көп тілдердің бірігіп қолданыста болуы қазіргі таңда таңқалдырарлық жағдай емес. Тарихи факторларға байланысты бір аймақта екі тілдің бір уақытта жергілікті тіл ретінде қолданылуы да мүмкін. Мысалы, посткеңестік елдерде көптеген жағдайда

мемлекеттік тілмен қоса орыс тілі де жиі қолданылады. Яғни Қазақстанды, оның ішінде Астана қаласын алатын болсақ, тілдік кеңістіктің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрініс тапқанын байқай аламыз.

Осы кезге дейін семиотикалық кеңістік аясында жасалынған зерттеулерге көз жүгіртетін болсақ, ғалымдардың қызығушылығы көбінесе «тілдік конфликт» орын алатын аймақтарда болған. Яғни бұл дегеніміз саяси-әлеуметтік факторларға байланысты бір аймақта екі немесе одан да көп тілдердің қолданылуы. Мысалы сондай зерттеулердің ішінде Бельгия астанасы Брюссель қаласының семиотикалық кеңістігінің зерттелуі (Tulp, 1978; Wenzel, 1996), Канаданың Монреаль қаласын атап кетуге болады. (Conseil de la langue française, 2000; Monnier, 1989). Брюссель қаласында ресми тіл ретінде француз, нидерланд, неміс тілдері қолданылса, Монреаль қаласында француз және ағылшын тілдері мемлекеттік тіл қызметін атқарады.

Қазіргі жаһандану заманында әртүрлі экономикалық және тілдік ресурстарға үлкен бәсекелестік байқалатын көптілді қоғамда тілдік кеңістік көптеген әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-тілдік мәселелердің күрделілігін ашуға көмектеседі. Яғни лингвистикалық кеңістік дегеніміз тіл мен қоршаған ортаның өзіндік байланысын көрсететін контекстуалданған құбылыс [2. 3 б.].

Белгілі бір қаланың семиотикалық кеңістігі жайында сөз қозғай отыра, сол қала көшелеріндегі түрлі белгілер мен символдарды ресми және бейресми деп бөлу орынды [3. 60 б.]. Яғни ресми белгілер дегеніміз сол қаланың әкімшілігі тарапынан берілген, заң жүзінде орныққан атаулар мен белгілер. Мысалы көше атаулары, жол белгілері, мектеп, балабақша немесе басқа да әкімшілік ұйымдар атаулары мен нөмірлері т.б.с. Ал бейресми белгілер мен символдар сол қала тұрғындары тарапынан берілген, ауызекі тілде кеңінен қолданылатын атаулар болып табылады. Мысалы көптеген қалаларда ғимарат атауларына байланысты байқалатын жиі құбылыс – екі түрлі атаудың болуы. Яғни ресми түрде бекітілген атауына қарамастан, жергілікті тұрғындар белгілі бір ассоциацияларға байланысты немесе айтуға ыңғайлырақ, есте сақтауға оңай, қысқа атауларды қалыптастырулары мүмкін.

Жоғарыда айтылған атауларды екі топқа бөлудің көптілділікке тікелей қатысы бар. Мысалы, кез келген қалада осы тақырып бойынша зерттеу жүргізу барысында тек ресми белгілер қарастырылатын болса, онда ол аймақ монолингвалды, яғни біртүлдік орта ретінде көрінуі мүмкін. Алайда қала тұрғындары бірнеше тілде сөйлейтін болғандықтан, бейресми белгілер мен атаулар да бірнеше тілде немесе сол тілдердің араласуында көрініс табады. Мысалы, Астана қаласының оң жағалауында «Жастар» деп аталатын шағын аудан және сонымен қатар дәл солай аталатын автобус аялдамасы бар. Алайда көпшілік аузында бұл аудан немесе аялдама «Молодежка» деп те аталады. Яғни бұл дегеніміз ресми және бейресми тілдік кеңістіктің және көптілділіктің айқын мысалы.

Семиотикалық кеңістіктің көптілділікті дамытуда атқаратын тағы бір рөлі қажет ақпараттың белгілер мен символдар көмегімен берілуі. Мысалы, Еуропа елдерінде әлемде соңғы жылдары орын алып жатқан саяси жағдайларға байланысты көптеген мультилингвалды, яғни бірнеше тілде сөйлейтін, Таяу Шығыс елдерінен қоныс аударған әртүрлі ұлт өкілдерінің саны артуда. Осыған байланысты көптілді ортаны қалыптастыру мақсатында Еуропаның біршама елдерінде көптілді балабақшалардың қатары күрт өсуде. Семиотикалық кеңістікті осындай шеңберде қарастырған зерттеушілер де бар. Мысалы, Германия және Норвегия елдеріндегі көптілді екі балабақшаны салыстыру ретінде жүргізілген кейс стади [4]. Осы зерттеудің негізінде алынған нәтижелерге көз жүгіртетін болсақ, солтүстік Норвегиядағы «Globeflower Kindergarten» балабақшасының қабырғасында ілінген балаларға керекті күнделікті киімдердің суреттері бар тақта. Яғни бұл көптілді ортадағы семиотикалық кеңістіктің бір мысалы.

Кез келген ортада кездесетін белгілер мен символдар, көшелер немесе әртүрлі орындардың атаулары, яғни метатілмен айтқанда лингвистикалық кеңістікі жалпы екі топқа бөліп қарастырылады. Олар атап айтқанда «Жоғарыдан төмен» және «Төменнен жоғарыға» белгілер. Ағылшын тілінде бұл «Top-down» және «Bottom-up» деп аталады [4].

Жоғарыда көрсетілген екі түрлі категориядағы белгілерді бөліп, Израиль еліндегі Иерусалим қаласындағы бір көшенің тілдік кеңістігі 1977 жылғы зерттеуде көрініс тапқан (Rosenbaum et al.) Зерттеудің талдау нәтижелеріне сүйенсек, романизация мысалдары, яғни латын тілінде емес жазуларды латын әріптері көмегімен транслитерацияланған жазулар көбіне

«төменнен жоғарыға» көше белгілерінде байқалған. Яғни керісінше, мемлекеттік нысандарда сол елдің мемлекеттік тілі болып табылатын иврит тілінде жазылған таңбалар мен жазулар басым.

Категория	Белгілер мен символдардың түрлері
Top-down (жоғарыдан төмен)	Мемлекеттік нысандар (министрліктер үйі, ЖОО, мектептер, балабақшалар, ауруханалар)
	Жалпы қоғамдық маңызы бар белгілер (жол белгілері)
	Қоғамдық хабарландырулар
	Көше атаулары
Bottom-up (төменнен жоғарыға)	Дүкен атаулары мен белгілері (киім, азық-түлік, жиһаз дүкендері)
	Жеке-меншік бизнес орталықтары, офистер, агенттіктер
	Жеке-меншік хабарландырулар (жұмысшылар қажет, пәтер жалға беремін)

Алайда бұл зерттеудің басты нысаны Иерусалим қаласынан Астана қаласының айырмашылығы – біздің елімізде мемлекеттік тіл қазақ тілінен бөлек, ресми тіл – орыс тілі. Сондықтан барлық «жоғарыдан төмен» белгілерде атаулар екі тілде бірдей көрсетіледі. Ал «төменнен жоғарыға» белгілерінде қазақ және орыс тілдерінен бөлек, ағылшын тіліндегі, ал кейді осы екі немесе үш тілдің қосындысында жасалынған белгілерді немесе атауларды көруге болады.

Жалпы тілдік кеңістіктің, оның ішінде эргонимдердің маңыздылығы осыған дейін отандық ғалымдар тарапынан зерттелініп, бірнеше жұмыстарда көрініс тапқан. Эргонимдер өз кезегінде жаңа инновативті идеяларды тудыруға, сонымен қатар нарықтық экономика және бәсекелестік заманында белгілі бір аймақтың полиэтникалық дәрежесінің универсалды көрсеткіші болып табылады [5. 74 б.].

Астана қаласында соңғы 10 жыл ішінде жүзден аса тұрғын үй кешендері бой көтергені белгілі. Жалпы тұрғын үй кешендерінің атаулары қаланың тілдік және семиотикалық кеңістігіне қосатын үлесі зор. Көп қабатты үйлерді салушы құрылыс компаниялары бәсекелестікке қабілетті болу үшін жаңа тұрғын-үй кешендеріне айтуға және жаттауға оңай, қысқа да нұсқа атаулады беретіні байқалады. Елордадағы Сығанақ көшесінде орналасқан тұрғын үй кешендері атауларын қарастыратын болсақ, олардың ішінде: Sat City, CityLake, Sunrise, Шығыс, Amsterdam, Аляска, Қыран, City Seoul, Құлагер сынды атаулар бар. Бұдан көретініміз ағылшын және қазақ тіліндегі атаулардың басымдылығы, сонымен қатар осы екі тілдің қосындысы арқылы жазылған – Sat (қаз. сәт) City. Осы жерде айта кететін қызықты факт – «Sunrise» және «Шығыс» атты тұрғын үй кешендері Сығанақ көшесінің бойында бір біріне қарама-қарсы орналасқан. Яғни бұл екі сөз жалпылама алып қарағанда екі тілде ұқсас мағына береді: шығыс, немесе күннің шығуы және ағылшынша sunrise, яғни таңның атуы. Осы аталып көрсетілген мысалдар Астана қаласының тілдік кеңістігіндегі көптілділіктің маңыздылығын және оның қала тұрғындарының өмірінде алатын орнын көрсетеді. Мысалы, ағылшын тілін білмейтін тұрғындар да күнделікті өмірде ағылшын тіліндегі «sunrise» сөзін еріксіз үнемі қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Adam Jaworski and Crispin Thurlow. Semiotic Landscapes – 2010. – 321 б.
2. Жаркынбекова Ш. К. Лингвистический ландшафт города как мультимодальный текст. - Екатеринбург, 2021.
3. Durk Gorter – Linguistic Landscape: A new approach to multilingualism – 2006 – 96 б.
4. Anja Maria Pesch (2021) Semiotic landscapes as constructions of multilingualism – a case study of two kindergartens, European Early Childhood Education Research Journal, 29:3, 363-380, DOI: 10.1080/1350293X.2021.1928725
5. <https://murbll.wordpress.com/what-is-linguistic-landscapes/>
6. Акжигитова А. Ш. Эргонимы г. Астаны как индикатор его полиэтнического социума /// "Ломоносов - 2009": Международная научная конференция студентов, магистрантов и молодых ученых; тезисы докладов Международной научной конференции. - Астана, 2009. - Ч.2. - С 73-75.